

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 23 маусымдағы № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 маусымда № 23195 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 27 мамырдағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округі әкімінің 27.05.2022 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және бас мемлекеттік ветеринариялық – санитарлық инспекторының 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 01-30/351 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің Еңбек ауылы аумағында ірі қара малдың бруцеллезі ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шараларын белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қостанай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық – эпидемиологиялық бақылау комитеті Қостанай облысының санитариялық – эпидемиологиялық бақылау департаменті Қостанай аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Қостанай ауданының Александров ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Александровка ауылдық округінің әкімі

Р. Кембаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ